

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 2410 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 маусымда № 7198 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 4266 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 16.11.2020 № 4266 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағы 9) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 5-2/205 ұсынысы негізінде, Ақтөбе қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ірі мүйізді қара малының және ұсақ мүйізді малының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Ақтөбе қаласы "Алматы" ауданының Өрлеу тұрғын үй алабының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе қаласы ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен.

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде тіркеуді;

2) осы қаулыны, оны алғашқы ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қаласының әкімі*

*А. Шахаров*